

"Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 112 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 желтоқсанда № 26133 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 80 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.11.2025 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19710 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар мен салымдардың талдамасы туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес микрокредиттер, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы, сондай-ақ резервтердің (провизиялардың) мөлшері туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған мүлікті кепілге қоя отырып берілген, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес есепті кезеңде берілген қарыздар бойынша өзгерістер туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес пайдалану бағыттары бойынша микрокредиттер туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті табыс ету қағидалары бекітілсін.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Микроқаржы ұйымдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырманшы күніне дейін (қоса алғанда) ұсынады.

Кредиттік серіктестіктер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (кредиттік серіктестіктің орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 5), 6), 7), 8), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күніне дейін (қоса алғанда) ұсынады.

Ломбардтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (ломбардтың орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 5), 6), 7), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күніне дейін (қоса алғанда) ұсынады."

1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес 11-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес 12-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева)
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп (А.С. Касенов) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 112

Қаулыға 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
1-қосымша

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесі

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілігінде мыналар:

1) жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есеп (микроқаржы ұйымы ұсынады);

2) берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есеп (микроқаржы ұйымы ұсынады);

3) қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы есеп (микроқаржы ұйымы ұсынады);

4) банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар мен салымдардың талдамасы туралы есеп (микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард ұсынады);

5) заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есеп (микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард ұсынады);

6) тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есеп (микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард ұсынады);

7) микрокредиттер, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы, сондай-ақ резервтердің (провизиялардың) мөлшері туралы есеп (микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік ұсынады);

8) жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған мүлікті кепілге қоя отырып берілген, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есеп (ломбард ұсынады);

9) есепті кезеңде берілген қарыздар бойынша өзгерістер туралы есеп;

10) пайдалану бағыттары бойынша микрокредиттер туралы есеп қамтылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 112

Қаулыға 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
8-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына
Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында
орналастырылған.

**Микрокредиттер, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы
бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы, сондай-ақ резервтердің
(провизиялардың) мөлшері туралы есеп**

Әкімшілік деректер нысанының индексі: MP_MFO_KT

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік

Ұсыну мерзімі:

микроқаржы ұйымы – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей;

кредиттік серіктестік – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей.

Нысан

(мың теңгемен)

р/с №	Атауы	Баланстық құны, барлығы	оның ішінде		
			Негізгі борыш	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы
1	2	3	4	5	6
1	З а ң д ы тұлғалардың микрокредиттері				
1.1	З а ң д ы тұлғаларға берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ микрокредиттер:				
1.1.1	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етусіз				
1.1.2	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуі бар				
2	З а ң д ы тұлғаларға берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер:				
2.1.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етусіз берілген				
2.1.1.	1 - 30 күнге дейін				

2.1.2.	31 - 60 күнге дейін				
2.1.3.	61 - 90 күнге дейін				
2.1.4.	90 күннен астам				
2.2.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етумен берілген				
2.2.1.	1 - 30 күнге дейін				
2.2.2.	31 - 60 күнге дейін				
2.2.3.	61 - 90 күнге дейін				
2.2.4.	90 күннен астам				
	Ж е к е тұлғалардың микрокредиттері				
3.	Жеке тұлғаларға берілген, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ микрокредиттер, оның ішінде:				
3.1.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің берілген, оның ішінде:				
3.1.1.	тұтынушылық мақсатқа				
3.1.2.	өзге мақсатқа				
3.2.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етумен берілген, оның ішінде:				
3.2.1.	тұтынушылық мақсатқа				
3.2.2.	өзге мақсатқа				
	Жеке тұлғаларға берілген, негізгі борыш және (				

4.	немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер, оның ішінде:				
4.1.	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етусіз берілген, оның ішінде:				
	оның ішінде д а р а кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер				
4.1.1.	тұтынушылық мақсатқа, оның ішінде:				
4.1.1.1.	1 - 30 күнге дейін				
4.1.1.2.	31 - 60 күнге дейін				
4.1.1.3.	61 - 90 күнге дейін				
4.1.1.4.	90 күннен астам				
	оның ішінде д а р а кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер				
4.1.2.	өзге мақсатқа, оның ішінде:				
4.1.2.1.	1 - 30 күнге дейін				
4.1.2.2.	31 - 60 күнге дейін				
4.1.2.3.	61 - 90 күнге дейін				
4.1.2.4.	90 күннен астам				
	оның ішінде д а р а кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер				
	міндеттемелерді орындауды қамтамасыз				

4.2.	етусіз берілген, оның ішінде:				
	оның ішінде д а р а кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер				
4.2.1.	тұтынушылық мақсатқа, оның ішінде:				
4.2.1.1.	1 - 30 күнге дейін				
4.2.1.2.	31 - 60 күнге дейін				
4.2.1.3.	61 - 90 күнге дейін				
4.2.1.4.	90 күннен астам				
	оның ішінде д а р а кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер				
4.2.2.	өзге мақсатқа, оның ішінде:				
4.2.2.1.	1 - 30 күнге дейін				
4.2.2.2.	31 - 60 күнге дейін				
4.2.2.3.	61 - 90 күнге дейін				
4.2.2.4.	90 күннен астам				
	олардың ішінде д а р а кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер, оның ішінде:				
5	Кері репо операциялары				
6	Кредиттік портфель жиынтығы				
7	Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша				

	мерзімі өткен берешегі жоқ қарыздар				
8	Мерзімі өткен берешегі 1 - 30 күнге дейін қарыздар сомасы				
9	Мерзімі өткен берешегі 31 - 60 күнге дейін қарыздар сомасы				
10	Мерзімі өткен берешегі 61 - 90 күнге дейін қарыздар сомасы				
11	90 күннен астам				

кестенің жалғасы:

оның ішінде		Қамтамасыз ету құны	
Оң немесе теріс түзету	Резервтер (провизиялар)	Барлығы	оның ішінде резервтерді (провизияларды) есептеу кезінде қосылатын қамтамасыз ету құны
7	8	9	10
...			

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) телефоны

Бас бухгалтер _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Микрокредиттер, оның ішінде
негізгі
борыш және (немесе) есептелген
сыйақы бойынша мерзімі өткен
берешегі бар микрокредиттер
туралы,
сондай-ақ резервтердің

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Микрокредиттер, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы, сондай-ақ резервтердің (провизиялардың) мөлшері туралы есеп (индекс - МР_МФО_КТ, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Микрокредиттер, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы, сондай-ақ резервтердің (провизиялардың) мөлшері туралы есеп" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және бас бухгалтер қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанда негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы мәліметтер, сондай-ақ кредиттеу мақсаты бойынша, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ микрокредиттер көрсетіледі.

6. Нысанда микрокредиттер жөніндегі деректер есепті күнгі жағдай бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек күндерінің санына байланысты келтіріледі. Нысанда есепті күнге дейін берілген микрокредиттер бойынша негізгі борыштың және есептелген сыйақының барлық қалдығы, оның ішінде мерзімі өткен берешегін ескере отырып көрсетіледі.

7. 2-жолда заңды тұлғаларға – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілген микрокредиттер көрсетіледі.

8. 1, 2, 3 және 4-жолдарда микрокредиттер кері репо операциясы ескерілмей есепке алынады, кері репо операцияларының сомасы 5-жолда көрсетіледі.

9. 8-бағанда резервтердің (провизиялардың) сомасы абсолюттік мәнде және қосу белгісімен көрсетіледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 112

Қаулыға 3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
9-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған мүлікті кепілге қоя отырып берілген, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: РМ_L

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: ломбард

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей.

Нысан

(мың теңгемен)

Р/с №	Атауы	Баланстық құны, барлығы	оның ішінде		
			Негізгі борыш	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы
1	2	3	4	5	6
1.	Мерзімі өткен берешегі жоқ микрокредиттер, оның ішінде мыналар кепілге қойылған:				
1.1	көлік құралдары				
1.2	зергерлік бұйымдар				

1.3	аудио, бейне және тұрмыстық техника				
1.4	өзге				
2.	Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер, оның ішінде мыналар кепілге қойылған:				
2.1	көлік құралдары				
2.1.1	1 - 30 күнге дейін				
2.1.2	31 - 60 күнге дейін				
2.1.3	61 - 90 күнге дейін				
2.1.4	90 күннен астам				
2.2.	зергерлік бұйымдар				
2.2.1	1 - 30 күнге дейін				
2.2.2	31 - 60 күнге дейін				
2.2.3	61 - 90 күнге дейін				
2.2.4	90 күннен астам				
2.3	аудио, бейне және тұрмыстық техника				
2.3.1	1 - 30 күнге дейін				
2.3.2	31 - 60 күнге дейін				
2.3.3	61 - 90 күнге дейін				
2.3.4	90 күннен астам				
2.4	өзге				
2.4.1	1 - 30 күнге дейін				
2.4.2	31 - 60 күнге дейін				

2.4.3	61 - 90 күнге дейін				
2.4.4	90 күннен астам				
3	Барлығы				

кестенің жалғасы:

оның ішінде		Шарттар саны	Қарыз алушылар саны
Оң немесе теріс түзету	Резервтер (провизиялар)		
7	8	9	10
...			

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) телефоны

Бас бухгалтер _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Жеке тұлғаларға жеке
пайдалануға
арналған мүлікті кепілге
қоя отырып берілген, оның
ішінде
негізгі борыш және (немесе)
есептелген
сыйақы бойынша мерзімі өткен
берешегі бар микрокредиттер
туралы есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған мүлікті кепілге қоя отырып берілген, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есеп (индексі – РМ_L, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) әкімшілік деректер жинауға арналған "Жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған мүлікті кепілге қоя

отырып берілген, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ломбард тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және бас бухгалтер қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 4-бағанда есепті күнге микрокредит бойынша негізгі борыш қалдығы көрсетіледі.

Негізгі борыш – сыйақыны, сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті, дисконтты (сыйлықақыны), құнсыздану резервін, микрокредит бойынша өсімпұл мен айыппұлды есептемегенде, кредиттеу кезеңнің белгілі кезінде қарыз алушы ломбардқа төлеуге тиіс өтелмеген борыш сомасы.

6. 6-бағанда есептелген, бірақ өтелмеген (алынбаған) сыйақы сомасы есепке алынады.

7. 8-бағанда резервтердің (провизиялардың) сомасы абсолюттік мәнде және қосу белгісімен көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 112

Қаулыға 4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
10-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына
Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылды

Есепті кезеңде берілген қарыздар бойынша өзгерістер туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: РММ_МФО_КТ_L

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Есепті ұсынатын тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард

Ұсыну мерзімі: микроқаржы ұйымы – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей;

кредиттік серіктестік және ломбард – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей

Нысан

(мың теңгемен)

Р/с№	Көрсеткіштің атауы	Кезең басындағы кредиттік портфель	Есепті кезеңде берілген кредиттер	Есепті кезеңде кредиттік портфельді өтеу	Кезең соңындағы кредиттік портфель
1	2	3	4	5	6
1	Барлық микрокредиттер				
2	Занды тұлғаларға микрокредиттер, оның ішінде				
2.1	орта кәсіпкерлік субъектілеріне				
2.2	шағын кәсіпкерлік субъектілеріне				
3	Жеке тұлғаларға микрокредиттер, оның ішінде				
3.1	жеке кәсіпкерлерге				

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) телефоны

Бас бухгалтер _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Есепті кезеңде берілген
қарыздар
бойынша өзгерістер туралы есеп
нысанына
қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Есепті кезеңде берілген қарыздар бойынша өзгерістер туралы есеп (индексі –1- РММ_MFO_KT_L, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Есепті кезеңде берілген қарыздар бойынша өзгерістер туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және бас бухгалтер қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Кредиттік портфель клиенттерге (заңды және жеке тұлғаларға) берілетін несиелердің барлық түрлерін және оларға ұқсас операцияларды қамтиды.

6. Берілген микрокредиттер туралы ақпарат микрокредит беру туралы шарттар негізінде толтырылады.

7. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 112
Қаулыға 5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
11-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Пайдалану бағыттары бойынша микрокредиттер туралы есеп

Әкімшілік деректердің индексі: 1-VED_MKO

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20 __ жылғы __ __ жағдай бойынша

Ұсынатын тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард

Ұсыну мерзімі:

есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиыrmасыншы) күнінен кешіктірмей – микроқаржы ұйымы;

есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей – кредиттік серіктестік, ломбард.

Нысан

1-кесте. Есепті кезеңдегі микрокредиттер туралы мәліметтер

(мың теңгемен)

p/c	Экономикалық қызмет коды	Заңды тұлғалар	
		Есептік кезеңде берілген кредиттер	Орташа алынған мөлшерлеме, пайызбен
1	2	3	4
1.			
...			
	Жиынтығы:		

кестенің жалғасы:

Жеке тұлғалар		оның ішінде жеке тұлға-дара кәсіпкерлер	
Есептік кезеңде берілген кредиттер	Орташа алынған мөлшерлеме, пайызбен	Есептік кезеңде берілген кредиттер	Орташа алынған мөлшерлеме, пайызбен
5	6	7	8
...			

2-кесте. Есепті күнге қолданыстағы микрокредиттер туралы мәліметтер

(мың теңгемен)

p/c	Экономикалық қызмет коды	Заңды тұлғалар		
		Есепті кезеңнің соңындағы негізгі борыш сомасы	Шарттар саны	Қарыз алушылар саны
1	2	3	4	5

1.				
...				
	Жиынтығы:			

кестенің жалғасы:

Жеке тұлғалар			оның ішінде жеке тұлға-дара кәсіпкерлер		
Есепті кезеңнің соңындағы негізгі борыш сомасы	Шарттар саны	Қарыз алушылар саны	Есепті кезеңнің соңындағы негізгі борыш сомасы	Шарттар саны	Қарыз алушылар саны
6	7	8	9	10	11
...					

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, телефон

Бас бухгалтер _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, телефон

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, телефон

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Пайдалану бағыттары бойынша
микрокредиттер туралы есеп
нысанына қосымша

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме Пайдалану бағыттары бойынша микрокредиттер туралы есеп (индексі – 1-VED_МКО, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Пайдалану бағыттары бойынша микрокредиттер туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және бас бухгалтер қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда экономикалық қызмет түрі ҚР ҰС 03-2019 Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

6. 2-кестенің 3-бағанында есепті күні микрокредит бойынша негізгі борыш қалдығы көрсетіледі.

Негізгі борыш – сыйақыны, сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті, дисконтты (сыйлықақыны), құнсыздануға резервті, микрокредит бойынша өсімпұлды және айппұлды есепке алусыз, кредиттеу кезеңінің белгілі бір кезінде қарыз алушы микроқаржы ұйымына, кредиттік серіктестікке және ломбардқа төлеуі тиіс өтелмеген борыш сомасы.

7. Берілген микрокредиттер туралы ақпарат микрокредит беру туралы шарттар негізінде толтырылады.

8. Орташа алынған мөлшерлеме – кредиттік шарттарда белгіленген жылдық пайыздық мөлшерлеме туындылары сомасының (номиналды мөлшерлеме) негізгі борыш бойынша берешекке (негізгі борыш) негізгі борыш бойынша берешектердің жалпы сомасына қатынасымен айқындалады.

Орташа алынған мөлшерлеме мынадай формула бойынша есептеледі:

Орташа алынған пайыздық мөлшерлеме =

$$\frac{i_1 \times Q_1 + i_2 \times Q_2 + \dots + i_n \times Q_n}{Q_1 + Q_2 + \dots + Q_n}$$

мұнда:

$i_1 \dots i_n$ – n -дік кредит бойынша кредит шартында белгіленген жылдық пайыздық мөлшерлеме (номиналды мөлшерлеме);

$Q_1 \dots Q_n$ – кредиттік шартта n -дік кредит бойынша белгіленген негізгі борыш (сыйақыларды, комиссияларды және тұрақсыздық айыбын есепке алмағанда) бойынша берешек.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті табыс ету қағидалары

1. Осы Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті табыс ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (бұдан әрі – Ұлттық Банктің филиалы) есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Есептіліктегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.

3. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым Ұлттық Банктің филиалына есептілікті электрондық форматта ұсынады.

4. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және бас бухгалтері электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған есептілік электрондық форматта сақталады.